

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы КМҚК «Шуақты –Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ ««Қошақан»» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Қоршаған ортамен танысу. «Күн бізде қонақта» Мақсаты: балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Ауа-райы жайлы әңгімелесу Тәрбиешімен амандасуды үйрету. Дұрыс шешіну дағдыларын қадағалау.	Сөйлеуді дамыту «Балабақша» Мақсаты: балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Әр баланың белсенділігіне назар аудару.	Көркем әдебиет «Көліктер» Мақсаты: затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	Сенсорика «Түсті танда» ойыны Мақсаты: балалардың назарын аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	Сурет салу «Менің көңіл күйім» Мақсаты: әр бала суретті толықтыру арқылы өзінің ықыласын білдіруге үйрету. Топтық жұмысқа баулу.. Баланың қалаған ойындар желісі Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. Жаңа оқу жылында ата-аналарды балабақша ішілік жұмыстарға белсенді болуға,тығыз қарым-қатынасқа шақыру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	«Ұшты - ұшты» Мақсаты:Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.. Еркін ойындар.	Сөйлеуді дамыту «Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысу «Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру.	Үстел үсті ойыны «Текшелер» Мақсаты: өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету	Сөйлеуді дамыту «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету Балалардың еркін әрекеттері

Таңертенгі жаттығу	Картотека № 3 «Қуыршақпен ойнаймыз» Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру;(3рет) 3-4 б.қ; Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу; Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау; 1-4 алға еңкею- «Қуыршақтар билейді»; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру; Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Ас ішер алдында Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз. Танымдық ойын: «Досынды шақыр» Мақсаты: үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Ұлттық құндылық «Таңғы асты тастама» Мақсаты: балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық Танымдық әрекет. «Кім не жейді?» ойыны. Мақсаты: балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті» Мақсаты: балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. Қоршаған ортамен танысу Қимылды жаттығу: Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көркем әдебиет. «Балабақшада».	Құрастыру «Құстарға арналған	Дидактикалық ойын: «Атын атап	Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға	Үстел үсті ойыны: «Бау байлап

	Мақсаты: Балаларға балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру	жемсалғыш» Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.	бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). Мүсіндеу. «Доп» Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	үйренеміз» Мақсаты: Балалардың қол моторикасын дамыту Мүсіндеу, Жапсыру «Күн » Мақсаты: Күн туралы түсінік беру, қайшыны дұрыс ұстауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Құрастыру. «Кірпішін қала» Мақсаты: Үстелге кезекпен шақыру арқылы, үйдің бейнесін құрастыру.		Дене шынықтыру Сенсорика «Біреу және көп» Мақсаты: алманы мысалға ала отырып, «біреу және көп» ұғымын түсіндіріп өту.	Дене шынықтыру	Музыка
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 8 Дидактикалық ойын «Үлкен кіші таңбасын анықта» Мақсаты: Балалардың үлкен кіші ұғымдарын молайту.	№ 9 «Желді бақылау» Мақсаты: желдің түрлерімен таныстыру, қауіпсіздікке баулу	№ 10 «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету	№ 11 «Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кейбір заттардың аттарын бекіту.	№ 12 «Жапырақты бақылау» Мақсаты: күздің ерекшелігімен танысу. Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі. Серуеннен келгеннен	Бір -біріне шешінуге көмектесу	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	«Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік» Мақсаты: Киімдерді	«Өз орнын тап» ойыны

	кейін қолдарын жууға үйрету, дағдыландыру.	Сенсорика, құрастыру Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.		шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, Киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету.	Мақсаты: түстерді тануға үйрету.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Ас қайыру тақпағы: Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) Алғыс айту: «Тамақ берген апайға көп-көп рақмет!»	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Шалқан» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди, әлди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бауырсақ» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балабақшада» Ернұр Сейдахмет
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сөйлеуді дамыту «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу,	Көркем әдебиет «Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру.Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден	Үстел үсті ойыны: «Бау байлап үйренеміз» Мақсаты: Балалардың қол моторикасын дамыту	Сурет салу «Балабақшадағы әдемі бояулар» Мақсаты: Қағазбен, майлы қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету.	Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.

	өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Түстерді анықта?» Мақсаты:Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру	тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.			
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (Сурет құрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Азамат,Адема	Әңгіме құрастыру «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын достары туралы сөздерін байыту. Мейір,Көзайым	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. Дарханұлы Дарын	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жансерік,Амир	Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Диана,Айсултан
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	«Кім бірінші» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу	Көркем сөз: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей.	«Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа	Қоршаған ортамен танысу Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың	Көркем әдебиет Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда

	қабілеттерін арттыру	Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту	баулу	еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету.	жүру ережелерін түсіндіру. «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліп алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай.
Серуеннен оралу Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. «Көзайым мен Жансерік» әңгімелер желісі. Мақсаты: балабақшадағы іс-әрекетті қорытып, саралауға үйрету.					
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сурет салу. «Түрлі түсті шарлар» Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы ой - қиялын дамыту.	Мүсіндеу «Алма жемісі» Мақсаты: қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру.	Сенсорика «Түстер» Мақсаты: түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту.	«Мені қайтала» дидактикалық ойын Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.	Моншакты тіземіз» дидактикалық ойын. Мақсаты: Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиеші: К.Б.Баяхметова
Әдіскер: Н.Е.Туребаева *Турабаева*